



ШЕШІМ

2018 жылғы 22 қазан

Нарынқол ауылы

РЕШЕНИЕ

№ **19**

село Нарынқол

**Райымбек ауданы әкімдігі
жанындағы кәсіпкерлік
мәселелері жөніндегі
сараптамалық кеңестің
құрамына өзгеріс енгізу
туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, 2015 жылғы 29 қазандағы №357-V Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексінің 64 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1090 Қаулысымен бекітілген «Жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестер туралы үлгілік ережені бекіту туралы» ережесіне сәйкес аудан әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Райымбек ауданының Әкімдігі жанындағы жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңес осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес құрылсын.

2. Райымбек ауданының Әкімдігі жанындағы жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестің ережесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Райымбек ауданы әкімінің 2017 жылғы 24 ақпандағы №2-7 шешімінің күші жойылсын.

4. Аталған шешімнің орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Самат Нақысбекұлы Сатылғановқа жүктелсін.

Аудан әкімінің м.у.а.

С. Сатылғанов

000014

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімінің
2018 жылғы « _____ » _____
«Райымбек ауданы әкімдігі жанындағы
жеке кәсіпкерлер мәселелері жөніндегі
сараптамалық кеңес құру туралы
№ _____ ШЕШІМІНЕ
1 - қосымша

Кәсіпкерлік мәселелер жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы

- Сатылғанов Самат Нақысбекұлы - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;
- Карбозов Сәкен Жақанұлы - ауданының «Кәсіпкерлік бөлімі» ММ-нің басшысы, төраға орынбасары;
- Рыспекова Аяулым Әбдіқадырқызы - ауданының «Кәсіпкерлік бөлімі» ММ-нің бас маманы, хатшы;

Комиссия мүшелері:

- Оралқұлов Нұрлан Әбделімұлы - ауданының «Ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-нің басшысы;
- Қозыбақова Құралай Сейсенәліқызы - аудан әкімі аппаратының Заң және мемлекеттік құқық бөлімінің басшысы;
- Нүсіпқожаев Талғат Жоспарханұлы - ауданының кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы, «Өркен» шаруа қожалығының басшысы;
- Ретаев Дастан Еренсізұлы - Алматы облысы «Атамекен» Кәсіпкерлер палатасының Райымбек аудандық филиалының директоры;
- Исаев Хайрулла Құрақбайұлы - аудандық кәсіпкерлер кеңесінің мүшесі, «Айғай Тас» ЖШС директоры;

Ноғайбаев Алтай Сейтахынұлы

- аудандық кәсіпкерлер кеңесінің мүшесі,
«БАиК» ЖШС директоры;

Себдайыр Марат Манапұлы

- аудандық кәсіпкерлер кеңесінің мүшесі,
«Мирас» шаруа қожалығының басшысы.